

Ордабасы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 мамырдағы № 28/3 "Б" корпусы Ордабасы аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 4 /9 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 6318-13 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Ордабасы ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ордабасы аудандық мәслихатының "Б" корпусы Ордабасы аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 15 мамырдағы № 28/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4611 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Б. Джумабеков